




АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының  
академигі, техника ғылымдарының докторы,  
профессор Ахметов Бақытжан Сражатдинұлының 70  
жылдығына арналған

# «ЖАҢАНДЫҚ ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯСЫ: СТРАТЕГИЯЛАР, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ»


атты Халықаралық ғылыми-практикалық  
конференция



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan  
Abai Kazakh National Pedagogical University



Қазақстан Республикасы Ұлттық инженерлік академиясының академигі,  
техника ғылымдарының докторы, профессор  
Ахметов Бақытжан Сражатдинұлының 70 жылдығына арналған  
«ЖАҒАНДЫҚ ЦИФРАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ  
БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ИНТЕГРАЦИЯСЫ:  
СТРАТЕГИЯЛАР, ИННОВАЦИЯЛАР ЖӘНЕ КИБЕРҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ»  
атты  
Халықаралық ғылыми-практикалық конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ

#### МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции  
«ИНТЕГРАЦИЯ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ  
ПРОЦЕСС В ЭПОХУ ГЛОБАЛЬНОЙ ЦИФРОВИЗАЦИИ:  
СТРАТЕГИИ, ИННОВАЦИИ И ВЫЗОВЫ КИБЕРБЕЗОПАСНОСТИ»,  
посвященной 70-летию академика Национальной инженерной академии Республики  
Казахстан, доктора технических наук, профессора  
Ахметова Бахытжана Сражатдиновича

#### MATERIALS

International scientific and methodical conference  
«INTEGRATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE INTO THE EDUCATIONAL  
PROCESS IN THE ERA OF GLOBAL DIGITALIZATION:  
STRATEGIES, INNOVATIONS AND CYBERSECURITY CHALLENGES»  
dedicated to the 70th anniversary of the Academician of the National Engineering Academy  
of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Technical Sciences, Professor,  
Bakhytzhan Akhmetov Srazhatdinovich

5 сәуір, 2024 жыл

ӘОЖ 378(069)  
КБЖ 74.58  
ISBN 978-601-7175-57-3

**ПРОГРАММАЛЫҚ КОМИТЕТ  
ПРОГРАММНЫЙ КОМИТЕТ/ PROGRAM COMMITTEE**

**Төраға:** Тілеп Б. А., Басқарма төрағасы – ректор, Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Қазақстан

***Төраға орынбасарлары:***

Бөрібаев Е.А., з.ғ.д., профессор, Қазақстан  
Бидайбеков Е.Ы., п.ғ.д., профессор, Қазақстан  
Сыдыхов Б.Д., п.ғ.д., профессор, Қазақстан  
Ошанова Н.Т., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақстан

***Халықаралық программалық комитет мүшелері:***

1. Абдигаларова У.М., п.ғ.д., профессор, Қазақстан
2. Айтчанов Б.Х., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
3. Aleksander M., техн.ғ.д., профессор, Польша
4. Al-Azzeh J., PhD, профессор, Иордания
5. Амиргалиев Е.Н., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
6. Арзиев А.Ж., PhD, профессор, Өзбекстан
7. Атымтаева Л.Б., ф.-м.ғ.д., профессор, Қазақстан
8. Achkoski J., техн.ғ.д., профессор, Солтүстік Македония
9. Балықбаев Т.О., п.ғ.д., профессор, Қазақстан
10. Бейсемби М.А., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
11. Бектемесов М.Ә., ф.-м.ғ.д., профессор, Қазақстан
12. Бийбосунов Б.И., техн.ғ.д., профессор, Қырғызстан
13. Гнатюк С.А., техн.ғ.д., профессор, Украина
14. Горбаченко В.И., техн.ғ.д., профессор, Ресей
15. Гриншкун В.В., п.ғ.д., профессор, Ресей
16. Заурбеков Н.С., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
17. Iavich M., PhD, профессор, Грузия
18. Ибраев А.Т., ф.-м.ғ.д., профессор, Қазақстан
19. Иванов А.И., техн.ғ.д., профессор, Ресей
20. Қалимолдаев М.Н., ф.-м.ғ.д., профессор, Қазақстан
21. Камалова Г.Б., п.ғ.д., доцент, Қазақстан
22. Карпинский Н.П., техн.ғ.д., профессор, Польша
23. Корченко А.Г., техн.ғ.д., профессор, Польша
24. Лахно В.А., техн.ғ.д., профессор, Украина
25. Малыгин А.Ю., техн.ғ.д., профессор, Ресей
26. Нұрбекова Ж.Қ., п.ғ.д., профессор, Қазақстан
27. Нургужин М.Р., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
28. Сағымбаева А.Е., п.ғ.д., профессор, Қазақстан
29. Сүлейменов Б.А., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
30. Тукеев У.А., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
31. Ускенбаева Р.К., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан

32. Утепбергенов И.Т., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
33. Hu Zh., PhD, профессор, Қытай
34. Шекербекова Ш.Т., п.ғ.к., доцент, Қазақстан
35. Шукаев Д.Н., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
36. Яворский В.В., техн.ғ.д., профессор, Қазақстан
37. Wójcik Waldemar, техн.ғ.д., профессор, Польша
38. Yasemin Gultere, PhD, доцент, Турция

***Конференцияның ғылыми хатшылары:***

- ✓ Әлімсейітова Ж.Қ., PhD, қауымдастырылған профессор
- ✓ Сәлғожа И.Т., PhD, қауымдастырылған профессор

***Ұйымдастыру комитеті***

***Төраға:*** Ошанова Н.Т., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

***Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:***

Әлімсейітова Ж.Қ., PhD, қауымдастырылған профессор, Беделов Қ.А., PhD, аға оқытушы, Береке М.Б., оқытушы, Даутова Г.К., аға оқытушы, Жабаяев Е.Х., PhD, аға оқытушы, Конева С.Н., п.ғ.к., доцент, Қартбаев Т.С., PhD, қауымдастырылған профессор, Нұрмұхамедова Ж.М., PhD, қауымдастырылған профессор, Салғожа И.Т., PhD, қауымдастырылған профессор, Текесбаева Н.А., аға оқытушы, Яғалиева Б.Е., ф.-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор

А это приводит, в свою очередь, к приближению высоты оси дымового факела к поверхности земли. Таким образом, можно сделать вывод, что наряду с известными опасными метеоусловиями, которые создаются при инверсиях и их сочетаниях со штилем, отмеченная метеоситуация также относится к числу наиболее опасных.

### Литература

1. Айдосов А.А., Айдосов Г.А., Заурбеков Н.С. Модельная оценка экологической обстановки компонентов природной среды с учетом атмосферных процессов - Монография / М., 2018. – 342 с.

2. Zaurbekov N., Aidosov A., Zaurbekova N., e.a. Emission spread from mass and energy exchange in the atmospheric surface layer: Two-dimensional simulation - Energy Sources, Part A: Recovery, Utilization, and Environmental Effects (2018),

3. A.Aidosov, N.Zaurbekov, G.Aidosov, e.a. Informational and Matematical Modeling of the Impact of Emissions into the Atmosphere on Public Health - Ad Alta – Journal of Interdisciplinary Research, vol. 9, issue 1, special issue V. – Pages: 74-79

УДК 004.932

**КАСЕКЕЕВА А.Б.<sup>1</sup>, СӘЛҒОЖА И.Т.<sup>2</sup>, КАШКИМБАЕВА Н.М.<sup>3</sup>, ҒАБДОЛЛАЕВ Н.К.<sup>1</sup>**

### **ҚР ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚИТЫН ҚАНДАС СТУДЕНТТЕРДІҢ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУ КРИТЕРИЙЛЕРІН АНЫҚТАУ ҮШІН МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫН ҚҰРУ**

*<sup>1</sup>Д.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ, АСТАНА,  
ҚАЗАҚСТАН*

*<sup>2</sup>АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ, АЛМАТЫ,  
ҚАЗАҚСТАН*

*<sup>3</sup>С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ  
УНИВЕРСИТЕТІ, АСТАНА, ҚАЗАҚСТАН*

Мақалада Қазақстанға жоғары оқу орындарында білім алу үшін оралған қандас студенттердің әлеуметтік бейімделу критерийлерін анықтау үшін мәліметтер қоры құрылған. Шетелден келген қандастарымыздың жергілікті тілге, өзара қарым-қатынасқа үйреніп кетулерін жеңілдету мақсатында әрбір осы жердегі тұрғылықты азаматтардың үлесі бар екендігі айтылады. Оны анықтау мақсатында анкеталық сұрақтар құрылып, оларға мәліметтер қоры түзіледі. Сол мәліметтер қоры арқылы сауалнама нәтижесінде олардың ортаға оң бейімделуі үшін әлеуметтік-коммуникативтік және әлеуметтік тұрмыстық жағдайларды анықтау мақсатында студенттер арасында сауалнама нәтижелерін талдау ұсынылады.

*Кілттік сөздер:* мәліметтер қоры, ақпараттық жүйелер, мәдени ерекшеліктер, халықаралық жоғарғы білім, шетелдік студент, тарихи Отан, жеке тұлғаның бәсекеге қабілеттілігін өзін-өзі бағалауы, ортаға бейімделу критерийлері, ақпараттық жүйені басқару.

В статье создана база данных для определения критериев социальной адаптации студентов-кандасов, вернувшихся в Казахстан для обучения в высших учебных заведениях. Думаем, что каждый проживающий здесь гражданин призван облегчить нашим соотечественникам из-за границы привыкание к местному языку и взаимоотношениям. Для его определения создаются анкетные вопросы и создается по ним база данных. Рекомендуются проанализировать результаты анкетирования среди студентов с целью определения

социально-коммуникативных и социальных условий жизни для их положительной адаптации к окружающей среде в результате опроса по той же базе данных.

*Ключевые слова:* база данных, информационные системы, культурные особенности, международное высшее образование, иностранный студент, историческая родина, самооценка индивидуальной конкурентоспособности, критерии адаптации к окружающей среде, управление информационной системой.

The article created a database to determine the criteria for social adaptation of Canadian students who returned to Kazakhstan to study at higher educational institutions. We think that every citizen living here is called upon to make it easier for our compatriots from abroad to get used to the local language and relationships. To determine it, questionnaire questions are created and a database is created on them. It is recommended to analyze the results of a survey among students in order to determine socio-communicative and social living conditions for their positive adaptation to the environment as a result of a survey on the same database.

*Keywords:* database, information systems, cultural characteristics, international higher education, foreign student, historical homeland, self-assessment of individual competitiveness, criteria for adaptation to the environment, information system management.

### **Кіріспе**


ҚР 1997 жылы 17 желтоқсанда қабылданған 26 Бабына байланысты шетелдік қандастарымыздың тарихи Отанына оралуы кезіндегі жас ерекшеліктерін анықтау және себебіне үңілу және оны мәліметтер қосын құру арқылы зерттеу тақырыптың өзектілігі. Халықаралық рухани жақындасуы мен дүниежүзілік қоғамдастықтың интеграциялануында маңызды рөл атқаратын жастардың білімі мен тәрбиесі болғандықтан, білім беру саласындағы ынтымақтастық көптеген елдер үшін ең маңызды және кезек күттірмейтін міндет болып табылады.

Қазіргі әлемде мемлекетаралық білім беру байланыстары қарқынды дамып, басқа елде білім алғысы келетін жастардың саны артуда. Білім беруді интернационаландыру бірқатар факторларға байланысты, олардың ішінде қарқынды дамып келе жатқан Болон процесі, ұлттық білім берудің жаңа жаһандық құрылымдары және шексіз мүмкіндіктері бар жаңа коммуникациялық технологиялар ерекше маңызды. Сонымен қатар тарихи Отанына кеп білім аламын деуші қандастарымыздың жыл сайын саны артып келеді. Ол әрине қуантарлық жағдай. Дей тұрғанмен де, сол қандастарымыздың өз Отанында еңбек етіп, ұрпақ өсіруіне әсер ету үшін, кейбір мәселелерге назар аударған жөн.

### **Негізгі бөлім**

Шетелдік қандастарымыздың тарихи Отанына оралуы кезіндегі жас ерекшеліктерін анықтау және себебіне үңілу ҚР 1997 жылы 17 желтоқсанда қабылданған 26 Бабының қаншалықты жүзеге асып жатқандығын көрсетеді. 1991 жылдан бері Қазақстандық жоғарғы білім орындарына қандастарымызға арналған гранттар бөлініп келеді. Қытай, Монғолия, Иран, Ауғанстан сияқты елдерден келген қандастарымыздың көбі дерлік қазақ тілінде сөйлегенімен, кириллица ғарпімен жазып, оқу кезінде қиыншылыққа кез болып отырған. Себебі, бұл елдерден келген қандастар төте жазу үлгісінде жазады. Қазақ тілінде де, орыс тілінде де оқытатын мектептерде білім берудің айырмашылығы бұрын көшіп келген елдердің білім беру жүйесінен анағұрлым өзгеше болып келеді. Сондықтан, оларға келген ортасына тез бейімделу үшін ықпал ететін факторларды анықтауға сауалнамалар жүргізіліп, олар арқылы мәліметтер қоры құрылып, қайткен күнде қандастарымыздың бейімділіктері неғұрлым тез жүретіндігін анықтау.

Қандас студенттердің ортаға бейімделу кезеңдерінің негізгі критерийлері төменгі схемада келтірілген, сөздік қоры, келген ортасы және басшылардың қолдауы (1- сурет).



1- сурет. Қандас студенттердің ортаға бейімделу кезеңдерінің негізгі критерийлері

Қытайдың білім беру саясаты институты, білім беру факультеті, Пекин педагогикалық университетінің ғалымдары Li, Jian Xue, Eryong, He, Yunshu «*Adjustment to Chinese Culture and Mental Health Issues among Foreign Students on Chinese University Campuses during the COVID-19 Pandemic: A Collaborative Ethnographic Study*» [2] мақалаларында Қытайдағы халықаралық студенттер қытай мәдениетіне бейімделуде қиындықтарға тап болуы мүмкін және студенттік өмір контекстінде мәдениеттілікке, тұлғааралық мәселелерге және әлеуметтік қарым-қатынасқа байланысты психикалық денсаулық мәселелеріне тап болуы мүмкін екендігі айтылады. COVID-19 пандемиясы кезінде Қытай кампустарындағы халықаралық студенттер арасында қытайлық мәдени бейімделу мен психикалық денсаулық мәселелерін зерттеу үшін бірлескен этнографиялық тәсілді қолданылған. Зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей, халықаралық студенттер Қытай мәдениеті туралы шектеулі түсінікке ие және ақпарат алу үшін өте аз арналарға (әсіресе Интернет, мұғалім дәрістері және күнделікті өмір) сүйенетіндігі, бұл психикалық денсаулық проблемалары мен маргинализация<sup>1</sup> туралы ойларға оңай әкелуі мүмкін екендігі көрсетілген.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері халықаралық студенттердің психикалық денсаулығының мәселелері олардың жеке тұлғасымен, мәдени интеллектімен және мәдени сәйкестендіру қабілетімен субъективті түрде оң корреляцияланғанын және олардың мәдени қашықтығымен, халықаралық студенттердің білім беру тәжірибесінің барлық аспектілерімен объективті түрде байланысты екенін көрсете білген. Қытайдың жоғары оқу орындары Қытайдағы халықаралық студенттердің психикалық денсаулығына назар аударуды күшейтіп, халықаралық студенттердің мәдениетаралық бейімделу және қытай мәдениетін түсіну қабілетін дамытуға жәрдемдесу ұсынылған.

Ресей мемлекетінің Волгоград мемлекеттік техникалық университетінің ғалымдары Belyakova, Larisa F., Sidorova, Tatyana L., Petruneva, Raisa M., Vasilyeva, Valentina D.-дың «*Turkmen students at Volgograd State Technical University*» [3] мақалаларында ЖОО-ның әлемдік білім беру қызметтері нарығындағы тартымдылығы оның табыстылығының көрсеткіші болып табылатындығын қарастыра келіп, оған әсер ететін критерийлер жиынтығы, атап айтқанда сол жоғарғы оқу орнында оқитын шетелдік студенттердің саны бойынша бағаланатындығын зерттеген. Ресейлік жоғары оқу орындары үшін шетелдік

<sup>1</sup> Маргинализация (латын тілінен аударғанда *marginalis* – шетінде орналасқан) – социологиялық құбылыс, адамның психикасында белгілі бір із қалдыратын кез келген әлеуметтік топтар арасындағы аралық, «шектік» позицияны білдіретін ұғым.

студенттердің саны интернационалдандырудың негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бүгінде шетелдік ізденушілер арасында инженерлік мамандықтарға қызығушылық айтарлықтай артты, шетелдік студенттер үшін оқу процесінің тиімділігі және олардың оқу үлгерімінің деңгейі көбінесе олардың жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуінің сәттілігіне байланысты деп атап көрсеткен. Мақалада бұрынғы одақтас республикалардан келген шетелдік студенттердің тілге бейімделу мәселелері негізінен Түрікменстаннан келген студенттер мысалында қарастырылған.

Халықаралық білім және зерттеулер орталығы, Ұлыбританияның Бирмингем университеті ғалымдары Gu, Qinga.; Schweisfurth, Micheleb; Day, Christophera «Learning and growing in a 'foreign' context: Intercultural experiences of international students» [4] мақаласында бірінші курстың тәжірибесін зерттеу үшін университетті интернационалдандыру контекстінде әзірленген Экономикалық және Әлеуметтік Зерттеулер Кеңесі (ESRC) қаржыландыратын екі жылдық аралас әдістерді зерттеу жобасының (2006–2008) алғышарттары мен негізгі қорытындылары талқыланады. Бұл зерттеулер Ұлыбританияның төрт жоғары оқу орнында өткізілген. Зерттеу халықаралық студенттердің өтпелі кезеңдегі тәжірибесінің олардың жетілуі мен адамдық дамуы тұрғысынан да, сондай-ақ басқа білім беру ортасына, мәдениет пен қоғамға мәдениетаралық бейімделуі тұрғысынан да зерттелген. Зерттеудің нәтижелері халықаралық студенттер арасындағы сызықтық мәдениетаралық бейімделудің психологиялық моделіне күмән келтіреді және тілді меңгеру, әлеуметтік өзара әрекеттесу, жеке даму және академиялық нәтижелер арасындағы өзгеретін қатынастардың күрделі жиынтығын көрсетеді. Дәл осы қоспаны басқару мәдениетаралық бейімделуге және «тұлғаның» сәтті қайта конфигурациялануына әкеледі. Сонымен қатар, бұл зерттеу тұлғалық, педагогикалық және психологиялық факторлардың студенттердің бейімделуіне, жеке басының өзгеруіне және түпкілікті табысқа әсер етуде ұйымдастырушылық және әлеуметтік мәдениет сияқты маңызды факторларын табады.

MySQL ДҚБЖ ортасында бағдарламалық қамтамасыз етуді жобалау кезінде (құрылымдық сұраныс тілі [4, 5, 6]) екі ұқсас деректер базасы (МБ) құрылды: «dbi» - Монголиядан келген қандас студенттер үшін және «dbk» - Қытайдан келген қандас студенттер үшін. Әрбір дерекқорда деректермен толық жұмыс істеуге қажетті 3 кесте бар:

Сауалнамалар – кестеде сауалнама сұрақтары бар;

Жауаптар – сауалнама сұрақтарына ықтимал жауаптар кестесі;

Дауыстар – сауалнама сұрақтарына қандас студенттердің жауаптарының кестесі.

Қазіргі әлемде мемлекетаралық білім беру байланыстары қарқынды дамып, басқа елде білім алғысы келетін жастардың саны артуда. Сонымен қатар тарихи Отанына оралып, білім алып, сол тарихи Отанында өмір сүргісі келетін және тарихи Отанына үлкен бір теңіздің тамшысы ретінде қалыптасқысы келетін жастардың көбеюі.

Мұндай жағдайда Қазақстандық жоғары оқу орындарында, соның ішінде ұлттық университеттерде оқитын шетелдік студенттердің әлеуметтік бейімделуі мен мәдениетаралық өзара әрекеттесу мәселесі өзекті болып отыр. Қабылдаушы тараптың алдында әрқашан өз өмірінің жаңа жағдайларына бейімделудің күрделі процесінен өтетін шетелдік студенттердің өмірі мен оқуын оңтайландыру міндеті тұр. Шетелдік студенттердің Қазақстанда оқуының табыстылығы және олардың кәсіби дайындық деңгейі негізінен студенттердің қабылдаушы елдегі әлеуметтік бейімделуіне байланысты.

Шетелден келген қандастарымыздың ең алдымен кездесетін кедергілері – ол тілдік кедергі, яғни келген ортаның өзара қарым-қатынас тілі. Бүгінгі таңда жасырын емес қазақстандық жастардың өзара сөйлесу тілінің бірі – орыс тілі немесе араластырып

сөйлесулері. Сондықтан келген қандастарымыздың өзімен қатар жастардың тілін түсінбей шеткері қалу мәселелері кездесетін сәттері бар.


Жаңа мәдениетке, жаңа әлеуметтік-коммуникативтік және әлеуметтік ортаға үйрену кезінде халықаралық байланыстарды жасау үшін ең қолайлы жағдайлардың өзінде жеке адам, әдетте, әртүрлі қиындықтар мен мәселелерге тап болатынын атап өткен жөн. Тәжірибе көрсеткендей, әр түрлі елдер мен мәдениеттердің өкілдері тікелей өзіне қатысты мәселеге кездеспейінше бір-бірі туралы өте аз біледі, сондықтан оларда сенімсіздік пен жасқаншақтық пайда болады. Ал бұл мәселе өз кезегінде тіпті білім алу кезінде де кедергі болуы мүмкін. Аталған мәселелер қандас студенттердің әлеуметтік бейімделу мәселесін өзекті етеді.

Жоба барысында өткізген сауалнама нәтижелері бойынша 120 респондент бойынша есептегенде шетелден келген қандастырымыздың 48 пайызы 19-25 аралығындағы жастар (2-сурет), яғни негізінен білім алуға келген жастар десек болады. Сондықтан қандастарымыздың тарихи Отанының ортасына бейімделуіне және осы Отанды өзімнің тарихи Отаным деп сүйеге әсер ететін жергілікті жастарымыз және білім беру орталық басшылығы болуы керек.

А-1 Жасыңыз (Сіздің жасыңыз нешеде)?

Возраст (сколько Вам исполнилось лет)?

104 ответа




2-сурет. Отанға оралған қандастардың жас ерекшеліктері

Әлеуметтік-тұрмыстық компонент қандас студенттердің әлеуметтік бейімделу үдерісіндегі тағы бір маңызды элемент болып табылады. Қандас студенттердің әлеуметтік-тұрмыстық бейімделуі - бұл қабылдаушы елдің жағдайына олардың санасы мен мінез-құлқындағы стереотиптерді бейімдеу мақсатында өзгерту процесі.

Төмендегі сауалнама көрсеткіштеріне талдау жасайтын болсақ, көптеген қандастарымыз білім алу жолында өз Отандарына келген (3-сурет). Сондықтан осы жастардың Отанға деген ыстық махааббаттарын оятып, олардың қандас деген статустан жергілікті тұрғынға айналуына жан-жақты ықпал етсек өте жақсы болар еді деп ойлаймыз.

**В. Атқаратын қызметіңіз немесе кәсібіңіз/Занимаемая должность или род занятий**

109 ответов




3-сурет. Қандастардың Қазақстан Республикасына келу мақсаттары

Бір жағынан тамақпен, киіммен, жатын орнымен және денсаулығын күтумен, екінші жағынан демалыс пен ойын-сауықпен [4]. Ол физиологиялық құрамдас бөліктен, яғни жаңа климаттық жағдайларға бейімделу мен дағдыланудан басталады. Негізінен климаты жылы әрі жұмсақ елдерден оқуға келетін шетелдік студенттердің қыс пен суық ауа райына бейімделуі қиынға соғады. Біздің сауалнама барысында байқағанымыздай шетелден келген қандастарымыздың көпшілігі Қазақстан аумағының жылы өңірлерінде тұрғанды ұнатады екен. Тіпті квота жолымен олар қысы қатаң өңірге түссе де, кейін мүмкіндік болған жағдайға жылы өңірге көшуге тырысатындықтары көрінді, ол төмендегі 4-суретте келтірілген.

**Г-1. Қазақстанның қай өңірінде тұрасыз?/ В каком регионе Вы живете в Казахстане?**

109 ответов



4-суретте Қандастардың өңірлерде орналасу пайызы

Осылайша, біз зерттеулеріміздің негізінде келесі ұсыныстарды тұжырымдадық:

1. Қандас студенттермен жұмыс жөніндегі деканаттар дайындық факультеттеріне келетін шетелдік және қандас студенттері үшін анықтамалық, иллюстрациялық және түсініктемелік материалдармен мол қамтамасыз етілген оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуі қажет.

2. Мәдениетаралық тренингтер мен мәдени ассимиляторлар сияқты шетелдік және қандас студенттермен жұмыс істеу кезінде инновациялық сипаттағы бейімделу шараларын әзірлеу және белсенді түрде енгізу.

3. Шетелдік студенттері бар топтарда оқу қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша техникалық пәндердің оқытушылары үшін әдістемелік семинарлар ұйымдастыру.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын 2023-2025 жылдарға арналған жоба аясында дайындалған. (ИРН АР19676809).*

*Статья подготовлена в рамках проекта, финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на 2023-2025 гг. (ИРН АР19676809).*

### **Әдебиеттер**

1. Tazhibayeva S.Zh., Nevskaya I.A., Mutali A.K., Kadyskyzy A. Kazakh Language as Spoken in China: Problems and Research Perspectives // Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series. 2018. №3 (124). pp. 59-68. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X2018-124-3-59-68>; Tazhibayeva S.Zh., Nevskaya I.A. Sociolinguistic Situation of Turkic Ethnicities Deported to Kazakhstan // Turkic Studies Journal. 2021. Volume 3, Number 1. – pp. 33-47. DOI: 10.32523/2664-5157-2021-1-33-47.
2. Li, Jian Xue, Eryong.; He, Yunshu «Adjustment to Chinese Culture and Mental Health Issues among Foreign Students on Chinese University Campuses during the COVID-19 Pandemic: A Collaborative Ethnographic Study»; <https://www.mdpi.com/2076-328X/13/7/526>
3. Belyakova, Larisa F., Sidorova, Tatyana L., Petrunova, Raisa M., Vasilyeva, Valentina D. «Turkmen students at Volgograd State Technical University»; <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2020-29-4-127-135>
4. Gu, Q., Schweisfurth, M. and Day, C. (2010) Learning and Growing in a ‘Foreign’ Context: Intercultural Experiences of International Students. Compare, 40, 7-23. <https://doi.org/10.1080/03057920903115983>

УДК 004.94

**КОРНИЛОВА Д.Н., ЧИСКИДОВ С.В., ЕРМАКОВА Т.Н.**

### **ПРОЕКТ ГОЛОСОВОГО ПОМОЩНИКА ДЛЯ МОБИЛЬНОГО ФИТНЕС-ПРИЛОЖЕНИЯ «ПРОТРЕНИРОВКИ»**

*ГАОУ ВО МГПУ, МОСКВА, РОССИЯ*

В статье обоснована актуальность проблемы повышения физической активности студентов ГАОУ ВО МГПУ, представлены результаты анализа существующих процессов, связанных с деятельностью преподавателя физической культуры по повышению физической активности студентов, и разработки модели функционирования мобильного приложения для проведения тренировки по физической культуре.

*Ключевые слова:* физическая культура, студенты, мобильное фитнес-приложение, диаграмма вариантов использования, модель функционирования.

Мақалада ММПУ МЖБС студенттерінің дене шынықтыру белсенділігін арттыру проблемасының өзектілігі негізделген, студенттердің дене шынықтыру белсенділігін арттыру бойынша дене шынықтыру оқытушысының қызметіне байланысты қолданыстағы процестерді талдау және дене шынықтыру бойынша жаттығулар өткізуге арналған мобильді қосымшаның жұмыс істеу моделін әзірлеу нәтижелері ұсынылған.

*Кілттік сөздер:* дене шынықтыру, студенттер, мобильді фитнес қосымшасы, пайдалану жағдайларының диаграммасы, жұмыс моделі.